

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

оның публицистикалық еңбектерінде кеңінен өріс алып дамып жетілгендігін байқаймыз. Бұл мақаламыздың басты мақсаттарының бірі де, танымал жазушы-драматург, публицисттің жазу стилі мен ерекше өзінің қолтаңбасының тамыры терең журналистика саласындағы еңбек жолынан бастау алғандығын көрсетіп, шағын болса да публицистикалық жазбаларынан мысалдар келтіріп, өзгеден еректігі мен зеректігін одан әрмен ашып көрсету болатын. Қайткенмен де, бұл бағытта әлі талай зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кейбір архивтерде тұмшаланып қалған публицистикалық жазбаларын іздеп табу қажет екендігін де кері тартпаймыз. Керсінше, әлі қаншама зерттеу еңбектері мен талай мақалалардың бұл бағытта жазылатындығына кәміл сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/846>
2. Шығармалары. Очерктер, публицистикалық мақалалар. / Оралхан Бөкей. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013.

ӘОЖ 070

**ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТЫ:
ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР**

Сапар Раушан

armanovnar@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – М.Б. Тоқтағазин

Біз ақпараттық технологияның, Бұқаралық ақпарат құралдарының дамып, қоғам өміріне толықтай дерлік енген уақытта өмір сүріп жатырмыз. "Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы" атты өз жолдауында Мемлекет басшысы еркіндік пен әділдікті басты ұстанымы еткен, әрі жауапкершілікті басты назарға қоятын бұқаралық ақпарат құралдары болмаса, қоғамды түбегейлі демократияландыруға көшіру әсте мүмкін емес екенін баса назар аударып айтқан болатын. Билік, шын мәнінде, Жаңа Қазақстан құруға ықыласты болса, БАҚ-қа еркіндік беруі керек. Еркіндігі жоқ журналистикамен демократиялық хәм экономикалық қуатты мемлекет орната алмаймыз. Бүгінгі күні дәстүрлі және ресми ақпарат көздерінен ақпарат алу қарқыны күрт төмендеп бара жатқанына куә болып отырмыз.

Қазақстандағы медиа саласы әртүрлі бағытта даму үстінде. Осы төңіректе білімді, өз ісін толық меңгерген білікті маман даярлау ісіне жүктелер міндет пен сұранысқа сай әрекет ету қажеттілігі туындауы да орынды. Журналистика мамандығы бойынша білім беруі ісінің ең алғаш 1934 жылдан бастау алған болатын. Журналистиканың дамуы мен қалыптасуы жолында еңбек сіңірген қайраткерлерді ұмыту әсте мүмкін емес. Журналистиканың көрнекті ұстаздарын, атап айтқанда, негізін қалаған Қайыржан Бекхожин есімі ойға оралады. Сонымен қатар қазақ журналистикасының зерттелуінде төмендегі тұлғалардың орны ерекше:

- Темірбек Қожакеев
- Сағымбай Қозыбаев
- Ләйла Ахметова
- Тауман Амандосов
- Бауыржан Жақып
- Марат Барманқұлов
- Сәуле Барлыбаева

Журналистік «хабарлама» – бұл бір немесе басқа өңдеуден өткен жинақталған ақпарат негізін құрайтын бұқаралық аудиторияға арналған дайын өнім. Әрине, әрбір мұндай өнім белгілі бір құндылыққа ие. Бұқаралық аудиторияға ақпаратты өңдеу мен жеткізудің құралдары мен әдістеріне, сондай-ақ аудиторияға психологиялық әсер етудің әртүрлі әдістерін қолдануына байланысты публицистикалық хабарлама өзінің ауқымын өзгерткен идея болып табылады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары қарқынды дами бастады. Жыл сайын жаңа басылымдар ашылып, оқырманды жарқын материалдармен, журналистиканың жаңа түрлерімен баурап алуға тырысты. Дегенмен, қазірдің өзінде сол жаңа басылымдардың көпшілігі жабылып, бір кездері Қазақстанның тәуелсіз журналистикасын танытқан ең жарқындары қалды.

Бүгінде журналистиканың жаңа бағыты ретінде – дата журналистика қарастырылуда. Тұжырымдаманың өзін анықтауға да, осы публицистикалық жанрдың даму тарихына да назар аударылады. Дата журналистиканың IT-технологиялар дамуының жемісі екенін көріп отырмыз. Журналистика қоғамның әлеуметтік саласы институттарының бірі ретінде өмірдің сандық құрамдас бөлігін де назардан тыс қалдыра алмайды. Күн сайын әртүрлі сандарды талдау, салыстыру, өңдеу қажет. Ол үшін журналистикада дата журналистика (Data driven journalism немесе Data-journalism) деп аталатын жаңа бағыт пайда болды. Бүгінгі күні ақпарат алу мақсатындағы тікелей байланыс статистикалық кестелер мен мәліметтер базасымен алмастырылуда. Заманауи, жаңа журналист дайындауға қойылатын байыпты талаптардың бірі – электрондық кестелермен, мәліметтер қорымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Дата журналистикасының болашағы – журналистиканың болашағы. Жоғары да мен тілге тиек етіп өткен, аты аталған тұлғалардың барлығы қазақ журналистикасын биік деңгейге көтеріп, тарихы мен жанрлық тұрғысын, іргелі еңбектерімен елеулі өзгерістердің орын алып, жаңа қырынан ашылуына септігін тигізді. Баспасөз бен телевизия, радио хабар тарату салаларында білікті журналист мамандарға сұраныс артпаса кеміген емес. Жаңа Қазақстандағы журналистика жайы бей-жай қалдырмасы анық. Әуелі, Жаңа Қазақстандағы журналистика ашықтығымен және әділдігімен ерекшеленуі тиіс. Сонымен қатар ең бастысы объективті болуы керек. Журналистика қоғам үшін халықтың өз ойы мен пікірін, орын алып жатқан оқиғаларға, мәселелерге көзқарасын, мақсат-мүддесін еш қымсынбай білдіре алатындай деңгейге жетуі аса маңызды.

Бүгінгі күні белең алып келкен шындыққа жағаспайтын жалған ақпарат тарату, еш дәлел-дәйектемелерсіз сөйлеу журналистика саласының жаңаруына балта шауып, нұқсан келтіруде. Журналистикамыз шынайылыққа бет бұрған кезде ғана даму болмақ. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуындағы жаһандық тенденциялар арнайы журналистік білімнің алдына жаңа міндеттер қойды. Көпвекторлы медиа жүйесі бар Қазақстан Республикасы да бұл жерде ерекшелік емес. Еліміздегі демократиялық реформаларды ілгерілету, құқықтық мемлекетті қалыптастыру, тәуелсіз БАҚ-ты одан әрі дамыту мақсатында журналистерді тиісті деңгейде дайындау ерекше рөл атқарады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде қоғамда, күнделікті өмірде маңызы мен мән-мағынасы артып бара жатқан ұғымдардың бірі Журналистика екендігі айтпаса да түсінікті деп ойлаймын. Сан түрлі байланыс құралдары, жаңалықтар, радиодағы ақпараттар, теледидар, интернет көздері бізге етене таныс. Тіпті, өмірімізге толықтай еніп, бір бөлшегіне айналып кеткендей.

Журналистиканың дамуы еліміздегі жаңа стандарттарды, мәліметтерді қалыптастырды. Ақпарат көздерін бір ғана аймақта отырып қана емес, алыс мемлекетпен байланыса отырып та алмасуға боларлықтай мүмкіндік туды. Әлемде, елімізде болып жатқан оқиғалар әуелі жаңалық арқылы халыққа тарайды. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Жаңалықтар мен радио арқылы тарайтын ақпарат көздерінің қай-қайсысы болса да тікелей адам өміріне, психологиялық тұрғыдан қалыптасуына, мінез-құлқына әсер етпек.

Біз байланыс құралдары арқылы, яғни, теледидардан, радиодан әртүрлі жағымды, жағымсыз, көңілге қонарлығы, қонбайтыны бар ақпарат көздерін естиміз. Көп жағдайда бұл

біздің мінез-құлқымыздың өзгеруіне, көңіл-күйіміздің құбылуына әкеліп соғып жатады. Теледидар арқылы көретін кино-фильмдеріміз, радиодан тыңдайтын әндеріміз, жаңалықтарымыз, ғылымда, мемлекет төңірегінде орын алған мәселелер, жаңа технологиялар мен техникалардың қарыштап дамуы сайып келгенде бей-жай қарайтын дүниелер емес. Мұның барлығы бүгінгі таңда өмір салтымыздың бір бөлшегіне айналған дүниелер іспеттес. Біз қоғамдағы оң және теріс өзгерістерсіз, мемлекетте орын алып жатқан оқиғаларсыз өмірімізді елестете алмаймыз. Мұның барлығы әрине, сайып келгенде журналистикамен тығыз байланысты.

Кейде тіпті журналистика болмағанда қоғам қандай болар еді деген ой санамда сауал болып, жауабын өз пікіріммен топшылап отыратын кездер де болады. Журналистика үш құндылықты анықтайды:

- 1) жаңалық нақты, салмақты және толық болуы керек, ал жаңалықтың өзі маңызды;
- 2) жаңалықтарды тарату адамдарға зиян тигізбеуі керек;
- 3) журналист аудиторияға қажет ақпаратты беруі керек.

Журналист әлеуметтік қызметкердің бір түрі, мұны қоғамдық мораль нормаларын игерген және оларды орындауға дайын әрбір маман, сондай-ақ белгілі бір қағидалардың жиынтығы болып табылатын кәсіби топтық нұсқаулар жүзеге асыруы керек. Осының негізінде журналист өзінің жеке құндылық жүйесін құрады және ол редакциялық саясатта, белгілі бір бұқаралық ақпарат құралының ұстанымында бейнеленген кәсіби топтық құндылықтармен сәйкестендіруге жағдай жасады. Жаңа Қазақстандағы журналистика бағдарлануы тиіс:

- Кәсіби қызметтің мәні мен мәнін ашатын құндылықтар-мақсаттарға мемлекеттік қызметте сапалы журналистика миссиясының орындалуына;
- Құндылықтарға – кәсіби және этикалық нормаларды сақтауға;
- Құндылықтарға-қатынастарға – қоғамдық пікірге бағдарлану;
- Құндылық-танымға – бұқаралық коммуникация психологиясы мен әлеуметтануы туралы идеяларға;
- Құндылық-сапаға – журналистің қабілетінен көрінетін даралық, тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби қасиеттерінің жиынтығы.

Журналистикада жеке тұлғаның шығармашылық өзін-өзі дамытуға ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамның алға жылжуына ықпал ететін өз қызметіне кәсіби қатынасты гуманистік тұрғыдан түсіну еңбекке деген көзқарасты түсінумен қатар бекітілді. ақша табу туралы. Журналистердің кәсіби табысқа жетуіне ықпал ететін жалпыадамзаттық қасиеттердің ішінен: саналылық, еңбексүйгіштік, табандылық, мақсаттылық, тапқырлық, көпшілдік, парасаттылық, қайсарлық, батылдықты ерекше атап өтеміз. Олардың кейбіреулері адамға генетикалық түрде тән болса, кейбіреулері сыртқы ортаның отбасы, көше, мектеп, әдебиет, кино, өнердің әсер ету процесінде пайда болады.

Болашақ журналист үшін білімге құштарлық, жауапкершілік, қайырымдылық, әділдік, шыншылдық, адалдық, ар-намыс, мейірімділік, төзімділік, сонымен қатар ұйымшылдық, ұтқырлық, жеделдік, оқу қабілеті аса маңызды. Журналистік қауымдастықтың кәсіби-этикалық құндылықтары кәсіби моральдың негізі болып табылады, оның қызметі "кәсіби топ мүшелерінің осы қызметі өзінің әлеуметтік мақсатын негіздейтін ең жақсы нәтиже беретін мінез-құлқын қамтамасыз ету" болып табылады. Журналистік қоғамдастық үшін оның кәсіби және этикалық құндылықтарын анықтайтын фактор – журналистиканың миссиясы, оның қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңіне сәйкес функциялар жиынтығы арқылы жүзеге асырылатын мақсаты.

Бұл құндылықтар кәсіби топ санасының бейнеленуі үдерісінің нәтижесінде пайда болған кәсіби және этикалық кодекстерде көрініс табады. Нарықтық экономикаға көшумен, саяси жүйенің трансформациясымен, технологиялық революциямен, интернеттің таралуымен және осыған байланысты медиа конвергенциясы процестерімен байланысты БАҚ-тың әлеуметтік ортасының құндылықтарының өзгеруі, журналистиканың негізгі және этикалық негіздерін түсінуде елеулі прогреске әкеледі.

Журналистиканы қоғамды шындық туралы объективті және сенімді ақпаратпен қамтамасыз ететін институт ретінде бұқаралық коммуникацияның басқа ағындарынан атап айтқанда, жарнама, PR, ойын-сауық индустриясы және саяси үгіттен ажырату барған сайын қиындай түсуде. Халықаралық журналистік қауымдастық қазіргі журналистиканың іргелі құндылықтарын зерттеу мақсатын көздейтін ұйымдар құру арқылы осы үдерістерге қарсы тұруға тырысуда.

Осылайша, сонау 1997 жылы Америкада мүдделі журналистер комитеті құрылды, онда бірнеше жыл бойы журналистер мен аудитория арасында социологиялық зерттеулер жүргізілді, оның негізгі мақсаты қазіргі журналистиканы басқаратын іргелі құндылықтар мен мотивацияларды анықтау болды. Бүгінгі күні Қазақстандағы және жалпы шетелдегі журналистиканың болашағы жас ұрпақ пен инновациялық технологияларда екеніне көзіміз жетуде. Болашақта ақпарат адамдарға қалай жеткізілетіні маңызды емес: газеттің, интернеттің, теледидардың немесе басқа да жасалған технологиялардың көмегімен. Ең бастысы, материалды ұсынудың көшірілген стилі емес, әрқашан ақпараттың жеделдігі болуы керек. Сондай-ақ бірнеше көздерде тексерілген ақпараттың максималды шынайылығы. Заманауи технологиялар арқылы ақпараттың растығын санаулы минуттарда тексеруге болады. Әрине, келешекте тек Қазақстандық емес, әлемдік журналистиканың мамандарларын алмастыра алатын жас мамандарды дайындау маңызды фактор болып табылады.

Болашақ журналистің басқа салада емес, өз мамандығы бойынша білім алуы өте маңызды. Өйткені, елдің мәдени деңгейі болашақ журналистің жетілуіне тікелей байланысты, жаңалықты күніне миллиондаған адамдар қарайды. Журналистеріміз түсініксіз, сауатсыз сөйлеп, бұл өз кезегінде берілген ақпараттың бұрыс түсіндірілуіне әкеліп соғуы әбден мүмкін. Әрбір сөздің бірнеше мағынасы болуы мүмкін және осылайша ақпаратты дұрыс қабылдауға зиянын тигізеді. Сайып келгенде мұның барлығы Жаңа Қазақстан журналистикасының даму бағытына тосқауыл болары анық. Өйткені нағыз журналист, ең алдымен, көптің санасында жоғары білімді тұлға ретінде астасып жатады. Өкінішке орай, қазір интеллектуалдық деңгейі төмен ток-шоулар өте танымал дер едім. Теледидар, баспа басылымдары мен радиохабарлардағы тақырыптардың бағытын өзгерту туралы көптен айту керек. Халық санасының мәдени деңгейін көтеру керек.

БАҚ пен халық арасында сенімді қарым-қатынас орнайтын уақыт келетініне сенгім келеді. Міне, сонда ғана қазақ журналистикасы өркендеп, ілгерілейді. Журналист кәсіби маман:

- Факті мен түсініктемені ажыратады;
- Нұсқаларды мұқият пайдаланады (әсіресе өткір конфликттік жағдайларға келгенде);
- «этикалық ұстаным», «толеранттылық» және «теңдестірілген көзқарас» дегеннің не екенін түсінеді.
- анонимді емес, нақты дереккөздердің жеткілікті санын пайдаланады;
- ұқыптылық көрсетеді, бірақ тиімділікке нұқсан келтірмейді;
- шыншыл және қателіктерді мойындай алады.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, журналистика – қоғамдық сананы қозғаудың негізі. Журналистика шындыққа жанасатын, өмірдегі оқиғаларды сипаттап қана қоймайды, онда болып жатқан іс-әрекеттер жөнінде ой тастайды, қоғамға жол сілтейді, бағыт-бағдар алуға көмектеседі. Журналистика маңызды қоғамдық-саяси рөлін жоймай, керісінше жұртшылыққа әлеуметтік белсенділік туғызып, шындықты ашып беретін болса алдағы уақытта қазақ журналистикасында үлкен өзгерістер орын алмақ. Журналистік қызмет халықтың мұң-мұқтажына жауап беріп, әлеуметтік дамудың жолдарын жариялап отыруы тиіс. Журналист мамандар болса, өз саласын толық игеріп, білім алып, әлеуметтік процестерге өз еңбегімен белсене араласуы қажет. Халықтың қамын ойлайтын, қажетін қарастыратын жаңа журналистиканың ауқымының кеңеюі мемлекет үшін де, халық үшін маңызды болып қала бермек. Қандай мәселені көтермесін, журналистика соның бәрін

халықтық тұрғыда қозғауға, халықтың сөзін сөйлеуге күш салады. Өз кезегінде бұл Қазақстандағы журналистика саласын дамытуға септігін тигізеді деп есептеймін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. Алматы 1978 ж.
2. Амандосов Т. Публицистика – дәуірі үні Алматы. 1974 ж.
3. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. Алматы, 2007 ж.
4. Кольцов М Писатель в газете. М. 1961ж.
5. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя / И.Ф. Исаев. Москва, 2004. С. 7778.
6. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики / Е.П. Прохоров. Москва, 2003.
7. Тулупов В.В. Есть ли будущее у профессии журналиста? / В.В. Тулупов // Журналистский ежегодник. -2015. - № 4. - С. 15-18.
8. Богданов Н. Г., Вяземский В.А. Журналист анықтамалығы. А, 1971

ӘОЖ 070.1

ЦИФРЛЫҚ МЕДИА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Сержанова Саида Сержанқызы

saidaserzhanova@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Журналистика және саясаттану факультетінің магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – О.І.Тұржан

Баяндамада қазіргі кезеңдегі мәдени жаһандану феномені және осы үдерістегі цифрлық медианың рөлі қарастырылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсерінен болатын әлеуметтік-мәдени өзгерістердің сипаттамасы берілген. Цифрлық мәдениет цифрлық медианың дамуы нәтижесінде пайда болған сапалы жаңа құбылыс екендігі көрсетілген. Цифрлық мәдениет пен дәстүрлі, «цифрға дейінгі» мәдениеттің байланысы атап өтілді. Коммуникациялық жүйенің модификаторы ретінде мәдениетаралық коммуникациядағы цифрлық медианың рөлі көрсетілген.

«Цифрлық» немесе «жаңа медиа» ұғымының бірнеше түсіндірмесі бар. Кең мағынада «цифрлық медиа» – бұл машина оқи алатын форматта кодталған медиа нысандары, яғни, оларды сандық электронды құрылғылар арқылы жасауға, көруге, өзгертуге, сақтауға және беруге болады. Зерттеуімнің бір бөлігі ретінде біз осы ұғымның келесі, дәлірек анықтамасын пайдалануды ұсынамын: цифрлық медианы мәдениет объектілері, сондай-ақ Интернеттегі ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін және жоғары технологиялық құралдар ретінде түсіну керек.

Адам, қандай да бір жолмен, оны қоршаған ақпараттық кеңістікте әрқашан болды, ол адамзаттың семантикалық қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде түсініледі. Тарихтың көп бөлігінде ол жергілікті сипатқа ие болды, өте шектеулі сипатқа ие болды. Алайда 20 ғасырда коммуникациялық технологиялардың дамуы мен жаппай қолданылуының нәтижесінде ақпарат арналарының, көздері мен тұтынушыларының көбеюі нәтижесінде ақпараттық кеңістік түрленді, оған бүкіл адамзатты дерлік қамтый бастады, ол ең жоғары деңгейге жеткен. өркениеттік дамудың белгілі бір деңгейі. Интернеттің көмегімен дербес компьютерлер мен смартфондар миллиардтаған адамдарға дүние жүзінде бірден дерлік ақпаратты жасауға, қабылдауға, сақтауға және таратуға мүмкіндік берді. Соңғы жылдары орын алған цифрлық төңкеріс әлемнің ақпараттық ғасырға